21	707 уск	Ынтымақ учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Ыбырай, Қақпансор елді мекендері және мал жайылымдары.	Созақ ауылдық округі Ыбырай елді мекені	Ынты- мақ 42	Маханов Алдаберген Орынтаевич 21.04.1962 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы -комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Белжан Орынбай Жарылқасынұлы 16.01.1949 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Ыбырай елді мекені-комиссия орынбасары «Ақжол» демократиялық партиясы, Нұржанбаев Әжіқали Сейітұлы 19.04.1961 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Ыбырай елді мекені -комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы Мұхымбеков Нахып Есенгелдіұлы, 05.10.1963 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Ыбырай елді мекені -комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы, Бейсембиев Кенжеғали Көлшікбайұлы 11.04.1973 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Ыбырай елді мекені -комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
22	708 уск	Тарса учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасы №1 колледж мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Шекаралары: Созақ елді мекені, Ж.Жабаев, Амангелді, Құрманғазы, М.Әуезов, Б.Әлібаев, Б.Қожамбердиев, Отырар, Ж.Өткелбаев көшелерінің солтүстік және шығыс бөлігі мен мал жайылымдары.	Созақ ауылдық округі Созақ елді мекені	М.Ауе- зов	Сағындықов Аскербек Колхозұлы 23.02.1971 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Асылбеков Дүйсенбек Бегалыұлы 15.05.1979 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы-комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы, Танатаров Бағлан Абдрахманович 15.01.1977 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы-комиссия хатшысы, «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы, Мақұлбаева Ләззат Айтбайқызы 22.06.1965 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы

Table with 6 columns: No., District, Description, Constituency, Candidate Name, and Age. It lists candidates for the 2023 elections across various districts like Qaraqyr, Rañ, Shaqa, Qaratau, and Zhuanterbe.

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы, шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы Орналасқан жері Көше Үй Елді мекені	Комиссия мүшесінің аты-жөні, туған жылы, тұрғылықты жері Сайлау комиссиясының құрамы, қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған		
1	2	3	4	5	6	7
34	720 уск	Қыземшек учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Ләнде Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Қыземшек кенті, Самал, Таңбалытас, Жетіқоңыр, Көкқорай, Шұғыла, Геологтар, Т.Рысқұлов, Жастар, Т.Момбеков, Сарыарқа көшелері, Көкжиек көшесінің батыс бөлігі.	Қыземшек кенті	2-шағын ауданы	1А	Зулфарнаева Құралай Амантайқызы 26.10.1975 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Тумарбеков Бахтияр Нурғалиевич 22.11.1960 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті -комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы Утебаева Гулбану Оразбековна 15.11.1979 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті-комиссия хатшысы, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі Таңқыбай Аяулым Қожабергенқызы 07.12.1992 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті -комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Сығалаев Олжас Кабылович 04.02.1987 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті-комиссия мүшесі, Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы, Пәрнебай Рауан Романұлы 13.10.1995 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті -комиссия мүшесі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 19 бабы, 8 тармақшасына сәйкес, Ақылбаев Асылхан Султанғазиевич 07.12.1984 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті-комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы, Қойлыбаев Мақсат Жолдыбайұлы 31.08.1970 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті -комиссия мүшесі, «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы, Бақытжан Нартайұлы 06.06.1981 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті -комиссия мүшесі, «Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігі Айсылу Омарқызы 30.01.1965 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекені-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Нұрқелекова Гуля Төлегенқызы 30.11.1967 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекені-комиссия орынбасары, Тікенов Даурен Маратұлы 17.07.1990 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекені-комиссия хатшысы «Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі, Ыбраев Сабит Мухамедяровия 17.07.1976 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекені-комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы, Бейсенбиева Жанерке Әуелбекқызы 06.07.1980 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайқоңыр елді мекені-комиссия мүшесі, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі Шарафудинов Суханберді Азимидінұлы 28.10.1957 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Момбекова Салтанат Төлегеновна 09.02.1966 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы, Әлжанов Мақсат Амангелдіұлы 10.04.1992 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия хатшысы, «Нұрлы Әлем» қоғамдық бірлестігі, Алимжанов Мурат Берікұлы 28.09.1964 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі, Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы, Рахимжанова Сәуле Бейсенбековна 25.09.1985 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі, «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы, Дүйсенов Нұржан Қуанышұлы 31.03.1976 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі «SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Мейрбекова Айгул Жаркынбековна 02.07.1975 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы, Құлмырзаева Гулдана Қажымұқанқызы16.06.1995 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия мүшесі, «Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі, Науанова Ақбота Мухамедғалиевна 14.01.1980 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия мүшесі, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі, Аманжолос Сафун Мәдихұлы 31.10.1998 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі, Исатай Әлия Төленқызы 28.01.1977 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі, «Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі Дузенова Гулшат Есқараевна 17.08.1983 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Абишов Нурлан Алтаевич 03.08.1967 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті – төраға орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы, Өміртаева Аруна Ахметқызы. 14.05.1983 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті– комиссия хатшысы, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі, Есбергенов Сейлбек Бердибекович 17.02.1964 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті– комиссия мүшесі, «Ардагерлер ұйымы» Созақ аудандық филиалы, Үсенов Серихан Болысович 21.05.1961Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті- комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті, Дүйсенов Үсен Қуанышович 18.02.1985 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті- комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы, Жынысбаев Нұржан Төребекұлы 28.02.1996 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті - комиссия мүшесі, «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі, Есмұрзаев Ерлан Жаманбалаевич 04.11.1978 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы Тажиева Сандуғаш Оразымбетқызы 21.09.1975 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия орынбасары, «Ақжол» демократиялық партиясы Алтыбаева Меруерт Қуанышбаевна 29.05.1974 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті -комиссия хатшысы, «Ауыл» партиясы, Мұхымбеков Болат Есенгелдиевич 25.04.1970 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі, «Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі, Асетбеков Абзал Шекербекевич-09.04.1982 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті-комиссия мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Бекқұлы Талғат Нағиұлы 06.10.1967 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия төрағасы, «AMANAT» партиясы, Тұңғышбайұлы Ерболат 20.03.1976 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия орынбасары Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы, Ордабаев Сәбит Досымбекұлы 07.02.1984-Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия хатшысы, «Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Қалиева Гүлшат Еркінқызы-23.05.1993 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия мүшесі, «Созақ аудандық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігі Бабиев Хамит Амангелдіұлы 04.09.1995 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия мүшесі, «Ауыл» партиясы Сақтапбергенұлы Пардабек 18.03.1953 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясы Досолов Ерік Есенұлы 01.11.1979 Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы-комиссия мүшесі, Созақ ауданы «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігі
35	721 уск	Тайқоңыр учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Т.Момбеков атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Тайқоңыр елді мекені, Ақбикеш, Ақжайқын көшелері, Тұлпар көшесінің оңтүстік бөлігі.	Қыземшек кенті Тайқоңыр елді мекені	Тұлпар көшесі		
36	722 уск	Таукент учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: Таукент кенті, 1 мөлтек ауданы, Е.Ерімбетов, Геологтар, Қ.Сәтпаев, Мыңжылқы, Тәуелсіздік, Бейбітшілік, Мәңгілік ел, Болашақ, Қаратау, Көкжиек, Тұран, Келіншектау, Көкбұлақ, Астана, Бәйтерек көшелері.	Таукент кенті	1-ықшам аудан	31	
37	723 уск	Жыныс учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекаралары: І.Кеңесбаев, Жыныс ата көшелері.	Таукент кенті	І.Кен-есбаев	136	
39	892 уск	Наурыз учаскесі. Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекаралары: Шолаққорған елді мекені, Ж.Ерімбетов, Е.Ембергенов, А.Мұханов, С.Төлендіұлы, П.Маханов, Ж.Қарғабаев, З.Темірбекова, Қ.Әубәкіров, Б.Бәшімұлы, С.Тоқпанбетов, Б.Өтешов, Е.Өмірбеков, К.Тұрымбеков, А.Мырзалиев, Ә.Әшірбеков, О.Анарбеков, Ә.Зейілбекұлы, С.Еспенбетов, А.Иманов, І.Кеңесбаев, Шымкент, Руханият, Нұрлы жол, №32, №33, №34 көшелері, Наурыз ықшамауданы.	Шолаққорған ауылдық округі Шолаққорған елді мекені	С.Тоқпан-бетов	№1А	

(Соңы. Басы 2-3-4-5-беттерде).
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Отбасы-қоғам дінгегі

Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Қазақ халқында отбасы институты адам баласына ізгілік, имандылық, отансүйгіштік қасиеттерін сіңіретін киелі мектеп, ұрпақтар сабақтастығының, дәстүр жалғастығының алтын дінгегі саналған. Мемлекетімізде отбасыға, ана мен балаға ерекше қамқорлық көрсетіледі. Оның бір айғағы ретінде қыркүйектің екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып белгіленген.

Осы орайда, жақында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық деңгейіне қатысып, үздік деп танылған отбасыларды марапаттау рәсімі өтті.

Марапаттау рәсімінде аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Әбілдаұлы Оразов мерейлі отбасы-

ларды құттықтап, «Барлығыңыз да құрмет пен мадаққа лайықсыздар» Бүгінгі мерейлі күнде сіздерге қажырлы еңбек, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын лайықты жалғастырып келе жатқандарыңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Баршаңызға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызда махаббат пен татулық салтанат құрсын!» деп сөзін сабақтады. Мерейлі отбасыларға аудан әкімінің арнайы Алғыс хаттары менен естелік сыйлықтарын табыстады.

Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аман-

бекұлы Еспенбетов сөз алып, қоғамдағы отбасы институтының маңызы жөнінде толғады. «Сіздердей отбасыларды өскелең ұрпаққа үлгі етуге тиіспіз» деп, түйіндеді құттықтау сөзін.

Марапаттау рәсімі «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Ұлттық конкурстың облыстық деңгейінде Сатыбалды Қуандықұлы Жанұзақов пен Құрмағали Сейітұлы Ташкенбаевтың отбасылары марапатталды.

«Мерейлі отбасы-2023» ұлттық конкурсының аудандық деңгейінің үздіктері: Байұзақ Тәжібекұлы Аме-

товтің отбасы-Созақ ауылдық округі; Абай Уәлиханұлы Көбеновтің отбасы-Құмкент ауылдық округі; Махан Қордашбекұлы Оспановтың отбасы-Жартытөбе ауылдық округі; Айсұлу Ешханқызы Әжібаеваның отбасы-Қарағұр ауылдық округі; Төлепберген Дінісламұлы Мұқашовтың отбасы- Қаратау ауылдық округі; Базарбай Қабылұлы Мұртазаевтың отбасы- Қаратау ауылдық округі; Сәди Сейтжаппарұлы Ысқақовтың отбасы-Тасты ауылдық округі; Беркімбай Мүсірепұлының отбасы- Шу ауылы; Сәуленбек Өтейұлы Адырбектің отбасы- Шолаққорған ауылдық округі; Аманәлі Мырзатайұлы Кәрібаевтың отбасы-Шу ауылы.

Нұрхан ЖАҚСЫЛЫҚ.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында және талаптары бұзылған жағдайда, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің 8(725-46) 4-16-05 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламаларын қабылдайды.

Бөлімнің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптары беріледі.

Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімі.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» №410-V Заңы талаптары бұзылған жағдайда «Созақ ауданының Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 4-11-00 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

ҚР ӘМ Құқықтық ақпараттық қызметі

119 Бүкіл Қазақстан бойынша (ұялы операторлардан басқа) Тәулік бойы телефон арқылы кеңес беру тегін

58-00-58 Астана, Алматы қалалары үшін Ақтөбе қаласы үшін Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша, сондай-ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар, өтініштер қабылдау

1414 Бүкіл Қазақстан бойынша

WhatsApp: +7 708 6935631 WhatsApp мессенджері арқылы құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру

QR код: ҚР НҚА ДБ «Виртуалды кеңесші» (чат бот) виджеті арқылы құқықтық кеңес беру (http://adilet.zan.kz/rus)

QR код: ҚР НҚА ДБ өтініштер модулі арқылы құқықтық кеңес беру (http://adilet.zan.kz/rus/legal_advice/form)

Telegram бот арқылы құқықтық кеңес «119Kelees-bot» (https://t.me/VirtAdiletBo)

QR код: ЗҚАИ сайтындағы Сұрақ-жауап айдары арқылы құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру (http://www.zqai.kz/ru/ask)

Үйлеріңізді өрттен сақтаңыздар!

Мұны барлығы білуі тиіс!
Өртті сөндіргеннен гөрі алдын алу жеңіл!
Білу керек!
- Тыныс органдарын сулы орамалмен жабу қажет.
- Уақытылы (жедел жәрдем келіп жеткенше) жасалған жасанды тыныс алдыру зардап шегушінің өмірін сақтап қалады.
- Жасанды тыныс алуды таза ауада жасау қажет.
- Төсекте жатып шылым шекпеңіз!
- Электр қыздырғыштарды желіге қосулы күйі қалдырмаңыз.
- Сыртқы қорғаушы қабығы зақымдалған электр сымдарын пайдаланбаңыз.
- Апатқа қарсы бірігейік!
Өрт болғанда «101» нөміріне телефон соғыңыз.

Адамдарды сыртқа шығару жолдары:
- Баспалдақ бөлімшесі.
- Сыртқы өрт басқышы.
- Зәулім биік үйлердің балқондарындағы құтқару ұяшалары.
- Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз
- Қолдан жасалған сақтан-дырғышты қолданбаңыз
- Тұрмыста пайдаланатын химиялық заттарды отқа жақын ұстамаңыз.
- Пеш жаққан кезде жанғыш сыйықтықтарды қолданбаңыз
Өрттен сақтану ережесін бұлжытпай орындаңыз, сонда сіз өз үй-мүлкіңізді сақтап қаласыз, адам шығынының алдын аласыз.

Мағжан ӘСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.
Б.АЛИЕВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Жарамсыз деп танылсын

ТОО «ЕСЕ «Сенім Строй» (БИН 120240000378) өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. * * *

ТОО «Комплект Бизнес-М» (БИН 071140002064 өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. * * *

Мустафаев Ерлан Сарсенбаевичтің 18.06.2019 жылы №974 санмен атына берілген сыйға тарту шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын. * * *

Әбен Асанұлының жеке меншігіндегі Таукент поселкесіндегі №46 үй, 10 пәтердің құжаттары жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Аудандық ардагерлер Кеңесі Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі Мұсабеков Аманбекке бауыры **Мұсабеков Жанатбектің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сон-

сы мәдениетті қалыптастыру;
-ҚР заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу;
-ҚР заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау;

-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық салдарын жою;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық бағдарманы қалыптастыру және жариялау.
Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

дай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- сыбайлас жемқорлыққа қар-

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;

-қаржылық бақылау;
-сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;

-мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;

-кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары;

-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама;

қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Бақдәулет ЖУПАРБАЙ,
Созақ аудандық соты әкімшісінің аға сот приставы.

Қоғам дертімен күресейік!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Батырхан САХОВ,
аудандық ХҚКО маманы.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдата-тыны анық.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас

жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді.

Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз. Біздің қоғамда сыбайлас

жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтату-дың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Роза ЖАҚАЕВА,
аудандық Қазынашылық басқармасының бас қазынашысы, бас маман.

Улы газдан абай болыңыз

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөй - тұншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен ұлану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организмине жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамы-

ның өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен ұлану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денсаулыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінің, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек қана ұланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен ұланудың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының № 11 ӨСБ-і қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

- жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;
- тек қана жарамды құрал-жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр

салдарға әкеліп соғу мүмкін;
- газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;
- жабық ғимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;
-балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;
- жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.
Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен ұланудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау капитаны.
Б.АЛИЕВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Әскери қызмет-абыройлы міндет

Қазақстан Республикасы Конституциясының бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы және міндеті болып табылады. Азаматтар Заңда белгіленген тәртіппен және түрлерде әскери қызмет атқарады.

Ғасырлар бойы біздің халқымызда «Отан қорғаушы» сөзі адамгершілік мағанасындағы қасиетті ұғымға ие.

Отан қорғаушылар әрқашан патриотизм мен өз халқына адал қызмет етудің, ар-намыс пен ерліктің, батылдық пен батырлықтың көрінісі, өйткені әлемдік бейбітшілікке қызмет етіп, өз елін, халқын қорғаудан жоғары миссия жоқ.

1.Осы тақырыпта үстіміздегі жылы аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі жариялаған тендерге қатысып, жеңімпаз болып танылып, ондағы көрсетілген шарттарға байланысты аудандағы он екі ауыл округтерінде сабақ жүргізілді.

Ішкі саясат бөлімімен келісілген кестеге байланысты ауыл округ әкімдігінің әскери стол мамандарының қатысуымен жастар арасында дөңгелек стол өткізілді.

Сабақ «Жастардың Армия қатарына баруға дайындығы қалай?» деген тақырыпта өткізілді.

Тақырып бойынша екі топқа бөлініп пікір сайыс өткізілді. Қорытындысында екі топтын да пікірі әскер қатарында болу абыройлы міндет әрбір азаматтың Отан алдындағы міндеті деген пікірге тоқталды. Сонымен қатар Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін еңбек еткен батырларды, оның ұрпақтарының ерліктерін еске ала отырып, қызу талқылау да өткізілді.

Сабақ барысында қазақ даласының жауынгерлері әрқашан ар-намыстың, қадір-қасиеттің және патриотизмнің бейнесі болғандығы, олардың ұрпақтары бейбіт уақыттағы жауынгерлік еңбегі туралы аталып өтілді. Әскер қатарында болу абыройлы міндет, отанға деген қызмет, патриоттық тәрбие, өз Отанына деген сүйіспеншілік, парыз екені атап өтілді.

Қазақстан Республикасы қалыптасқан мемлекет ретінде өзінің әрі



қарай даму жолымен сенімді қадаммен жүріп келе жатқаны, қазақстанның басты байлығы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім екені атап айтылды. Бұл орайда, Қазақстан бәсекеге қабілетті елдермен тен тұруды көздейтін ел ретінде тану жолында еді.

Ол үшін мемлекеттік аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қатар қазақстандықтардың бейбіт және жасампаз еңбегінсіз мүмкін еместігі баса айтылды.

Еліміздің қарулы күштері елдің қалқаны, жаһандық және өнірлік қауіпсіздіктің бүкіл жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Жылдан жылға қарулы күштер заманауи қару жарақпен және техникамен қамтамасыз етіліп, жоғары білімді мамандармен толықтырылып, олардың жауынгерлік қабілеттілігі артып келетіндігі аталып өтілді.

Бұл арада, әскери тәрбие мен құқықтық мәселесі де қозғалып, мемлекеттің қалыптасу тарихы сөз болды.

Әскери қызмет азаматтардың қарулы күш қатарында өз еркімен мемлекеттің жүктеген міндеттерін атқару болып табылатындығы айтылды.

«Бұл жалпыға бірдей әскери міндеттілік» туралы заңда көрсетілгендігі түсіндірілді.

Өткен ғасыр басында қазақтың

ұлттық болмысы, қандай деп қатты тебіренген жан хакім Абай «Адам баласын заман өсіреді, оның басты мақсаты ұлтқа қызмет ету» дей келіп, патриоттық тәрбие отбасынан басталып, биік деңгейге жетудің жолы, өз отанына қызмет ету болмақ деген болатын

Адам атың болған соң, ата-ананың, елінің алдында үлкен жауапкершілік барын сезіну керек.

Отанды сүюдің негізі- ұлттық намыс оны оята білу, тәрбиелеу заман талабы. Бұл ретте басты шарт жастар тәрбиесіне келіп тіреледі.

Ал ұлттық тәрбиеден нәр алған ұрпақ өзінің елін құрметтейді болашағына сеніммен қарайды.

Ұлт ұғымы – ұланымен ұлы. Жастардың бойындағы жалынды жігерлерің мемлекетіміздің пайдасына дұрыс жұмсай білу үшін оларды біріктіріп, алдарына қойған мақсаттарын зерделеп, анықтап, оларға мемлекет деңгейінде қолдау білдіру қажет. Оқу барысында осы мәселе көбірек көтерілді.

Жұмыссыз жүрген жастар, отбасын дұрыс сақтап қала алмай ажырап қалуы, немесе пайдасыз әрнәрсеге ұрынып қалатындығы айтылды.

Елің қорғау-ердің міндеті дегендей, Отанына деген құрметті көрсетіп, оған өз үлесін қосу-әр жастың міндеті

осы тақырыпта диспут, дөңгелек стол Шу ауыл округі мен Созақ ауыл округінде қызу талқылаулар мен өткізілді. Дөңгелек столға қатысқан жастар әскер қатарына барғысы келетінін, Отан алдындағы борышына өтеуге ынталы екенін білдіріп жатты.

Ауданның барлық ауыл округтерінде өткізілген сабақ жастардың бойына патриоттық сезімнің оятып десек болады.

Бүгінгі жастар-ұлы даланың сенімді қорғаны. Сол бейбітшілікке қызмет етіп, өз елін, халқын қорғауды мұрат еткен жастар қатарының артуына аудан тұрғындары да өз үлестерін қосса екен деймін.

Мен кемшілікті тізгенім жоқ. Алайда кейбір жерлерде жастарымызға біз ең басты қасиетті – патриотизмді әлі де сіңіре алмаппыз...

Айтпағымыз балаларды, «құлша тәрбиелесең, құл болмақ, ұлша тәрбиелесең, ұл болмақ» деген бабаларымыздың өсиетін ұмытпаған жөн.

«Әскери қызмет-ұлтқа қызмет» тақырыбында Шу, Тасты, Жуантөбе Қызмешек ауыл округтері мен кенттерде өткізілген сабақта жастардың отан сүйіштігін байқасақ, Қаратау, Қарағұр, Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауыл округтерінде бұл тақырып қызу талқылау жағдайында, бәзбір жерлерде дөңгелек стол арқылы диспут түрінде жүргізілді.

Жас ахаматтардың ұшқыр қиялын, олардың бейбіт елде өтіп жатқан күнін кешегі ата-бабаларымыздың қара табан қазатарымыздың арқасы екенін сөз ете отырып, бізде өз еліміздің болашағына қызмет ету арқылы ісімізбен көрсетуім керек деген патриотизмдік ұстанымдарын білдіріп жатты.

Сабақты бірлестік төрағасы мен «Созақ үні» газетінің редакторы, әдебиет танушы Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық әскери бөлімінің инспекторы мамандарымен бірлесіп өткізілді. Өткізілген сабақтар жөнінде әрбір ауыл округтері бойынша әлеуметтік желіге салынып отырылды.

Мыңжасар АСҚАРОВ,
«Құлыншақ Кемелұлы»
атындағы шығармашылық
бірлестіктің төрағасы.

Өткен жетіде, аудан, облыс және республикамыздың атынан Азия, Еуропа және Әлем чемпионаттарына барып, көк байрағымызды желбіретіп жүрген жерлес біршілеріміздің бас бапкері Мұрат Серікбаев хабарласып: "Данияр бауырым! Өткенде, облыс әкімінің аудан халқымен кездесуінде өзіңе айтқан Әлем чемпионатында жүрміз!"- деді. Мұрат Тұрсынбайұлының сөзінен ұққаным, 2023 жылдың 07-12 қыркүйек күндері Өзбекстан Республикасының Хиуа қаласында бір спортынан жасөспірімдер, жастар, ардагерлер, әйелдер мен ересектер арасында Әлем чемпионаты өтіп жатқан көрінеді. Жалпы, Хиуадағы Әлем біріншілігіне 22 мемекеттен 650 спортшы қатысыпты. Әлемнің кіл мықтыларының арасынан кім мықтыны анықтаған байрақты бәсекеге Мұрат Серікбаевтың да шәкірттері рес-

Жігіттеріміз жүлделі қайтты



публикамыздың намысын қорғап барған.

Нәтижесінде, ересектер арасында ұзын айналым көтеруден Орынбасаров Қобыланды 73 кг салмақта II ші,

жұлқа көтеруден III орынды иеленіпті. Ал, командалық эстафетадан II орынға қол жеткізген. Ал енді, 63 кг салмақта ересектер арасында серпе көтеруден Баби Орын-

басар II орын, жастар арасында серпе көтеруден чемпион атанған. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында серпе көтеруден 53 кг салмақта сынға түскен Тілеген Өскен

жүлделі III орынды иеленген екен. Тағы да 58 кг салмақта жұлқа көтеруден Ергешбай Еркебұлан III орынға табан тірепті. Айыбы, олимпиадалық ойын түрлеріне кірмеген демесеңіз, шәкірттері Азия, Еуропа және Әлем чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпаздары атанып, Созақ, Қазақ елінің даңқын асырып жүрген Мұрат Тұрсынбайұлы негізін қалаған аудан біршілерінің жеңісті жолдары қалай насихаттасақ та жарасады! Қазіргі таңда ауданымыздың көптеген балалары мен жасөспірімдері Мұрат ағамызға және оның Қобыланды, Орынбасар сынды білекті батырларымызға қарап бой түзеуде!

Ендеше, еліміздің мақтанышы болған жерлес спортшыларымыздың жеңісті жолы баршамызға құтты болсын, Созақтық ағайын!

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:

Теңізбаев Сәрсенбек

Сайлаубекұлы

Жауапты хатшының міндетін

уақытша атқарушы:

Нұрсұлтан Қанатұлы

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер:
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асқан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев